

"Жекеменшік білім беру ұйымдарында орта білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын, оқуға ата-ана төлемақысының шекті мөлшерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 қаңтардағы № 29 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 29 сәуірдегі № 87 бұйрығы

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Жекеменшік білім беру ұйымдарында орта білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын, оқуға ата-ана төлемақысының шекті мөлшерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 қаңтардағы № 29 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19913 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

кіріспе жаңа редакцияда жазылсын:

"Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 24) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:".

2. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Бюджеттік жоспарлау департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту вице-министріне (Е.С. Оспан) жүктелсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Министр

Ғ. Бейсембаев